

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2003 жылғы 31 наурыздағы N 1051 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 маусымдағы N 623 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы " 2003 жылғы 31 наурыздағы N 1051 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыруды жүргізсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 27 маусымдағы
N 623 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Республиканың мал шаруашылығын дамытудың жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 шілдедегі N 1089 қаулысына :

6-тармақтың бірінші абзацында "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығымен және" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2025 № 457 қаулысымен.

4. <*>

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

5. <*>

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

6. "Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын әзірлеу , жүргізу және материалдарын өңдеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 маусымдағы N 830 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж ., N 25, 290-құжат):

6-тармақта "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Аграрлық зерттеулердің ұлттық академиялық орталығы және оның институттары 2004 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 2004 жылғы 1 маусымға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1347 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 38-39, 450-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаның тиімділігі" деген 6-бөлімде:

он алтыншы абзацта "Ұлттық аграрлық зерттеулер академиялық орталығының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. <*>

Ескерту. 8-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.27. N 1191 қаулысымен .